

- жасөспірімнің мінез-құлқы мен қабілеттерінің ерекшеліктеріне негізделген мүдделер шеңберін қалыптастыруға ерекше назар аудару керек, уақытты бос өткізуді барынша азайтуға тырысу керек;
- агрессивті баламен жоғары реңктерде сөйлесуге болмайды, осылайша оны агрессивті импульстарды күшейтуге итермелейді;
- баланың ашулану және өз энергиясын әртүрлі жолмен тастау құқығын мойындау өте маңызды;
- мұндай жасөспірімге агрессияны жеңілдететін жаттығуларды үйрету керек;
- ынтымақтастық қағидаттарына тәрбиелеу агрессивтіліктің алдын алудың басты шарты болып табылады[6].

Осылайша, кәмелетке толмағандардың агрессивті мінез-құлқының алдын-алу әлеуметтік маңызды ғана емес, сонымен бірге психологиялық қажетті факторға айналады. Тәрбиелік-профилактикалық қызмет тек жасөспірімдерге тікелей қолданылатын жеке ықпал ету және түзету шараларымен шектелмейді. Әлеуметтік сауықтыру және әлеуметтік - педагогикалық түзету жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуіне себеп болатын қолайсыз ортаны қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Долгова В.И., Иванова Л.В., Банщикова А.И. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері // «Тұжырымдама» ғылыми-әдістемелік электронды журнал. - 2015. - Т. 31. - С. 11–15.
2. Бандура А., Уолтер Р. Жасөспірімдік агрессия. Тәрбие мен отбасылық қарым-қатынастардың әсерін зерттеу. – М.: Сәуір баспасөзі, «ЭКМО-пресс» баспасы, 1999. – 512б.
3. Абраменко В.И. Жасөспірімдердің мінез-құлық даму заңдылықтары және оның қалыптасу жағдайлары. - диссертация авторефераты. ... Психология ғылымдарының докторлары. Ғылымдар. - Л.М.Зюбин., 1986 ж.
4. Селиванова О.А. Кәмелетке толмағандардың мінез-құлқындағы ауытқулардың негізгі себептері // Жалпы. ред. В.И.Загвязинский, О.А.Селиванова. М., 2012. - .238–244б.
5. Шпрангер Э.Жастық жас психологиясы. Psychologie des Jugendalters // «Жастар педологиясы». - М.-Л.: Әдебиет, 1931 ж.
6. Бадмаев С.А. Мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқын психологиялық түзету. - М.: Шебер, 1999. 10. Баярд Р.Т., Баярд Д. Сіздің беймаза жасөспірім. - М.: Отбасы және мектеп, 1995 ж.

ӘОЖ 378.147

<https://doi.org/10.53355/b0009-8760-2632-c>

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘСЕРІ

Шерихан А.Ж., Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 3 курс студенті,
Сангилбаева А.О., психология ғылымдарының магистрі
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

E-mail: altynai.sherihan@bk.ru, sangilbaeva@gmail.com

Әлеуметтік желідегі белсенділіктің артуынан психологиялық жағдайлар, стресс, суицидтік ойларға күн сайын итермелеуде. Көптеген ғалымдардың зерттеуінше әлеуметтік желі психологиялық күйзеліске, дұрыс көңіл бөлмегендіктен белсенділіктің төмендегенін айтады. Twitter, Instagram, YouTube, Facebook, ВКонтакте т.б. әлеуметтік желілерден жасөспірімдер өзіне мүлдем қажетсіз жарнамаларды көру арқылы небір зиянды әрекеттерге баруда, әлеуметтік желілерге деген тәуелділіктері артуда.

Тірек сөздер: әлеуметтік желілер, жасөспірімдер, денсаулық, мінез-құлық, желілерді пайдалану қарқыны, онлайн, тәуелділік.

Повышенная активность в социальных сетях ежедневно приводит к некоторому расстройству психологических процессов, стрессам, суицидальным мыслям. В социальных сетях, таких как Twitter, Instagram, YouTube, Facebook, ВКонтакте, подростки все больше и больше увлекаются социальными сетями, просматривая ненужную им рекламу, что в свою очередь может дезориентировать и быть причиной искажения морально нравственных норм.

Ключевые слова: социальные сети, подростки, здоровье, поведение, онлайн, зависимость

Increased activity in social networks can cause problems of psychological processes, stress, suicidal thoughts. In social networks such as Twitter, Instagram, YouTube, Facebook, VKontakte, teenagers are becoming more and more addicted to viewing unnecessary ads, which in turn can be disorienting and cause a distortion of moral standards.

Key words: social networks, teenagers, health, behavior, online, addiction.

Қазіргі қоғам - жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және ХХІ ғасырдың бұл ағымы - қоғам дамуының жаңа дәрежесіне жеткізді. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату, жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндігі және тағы басқа іс-әрекеттер шынайы әлемге қарағанда виртуалды әлемде жүзеге асатын болды. Интернет жастардың ең сенімді құралдардың біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі».

✓ Ал сіз интернетте ұзақ отырғанды жақсы көресіз бе?

✓ Таңертең тұра салысымен ноутбүгіңізді қосып поштаңызды тексеремісіз?

Бұл сұраққа Назарбаев Университет және басқа оқыту мекеме студенттері ойланбастан "ия" деп жауап берді. Себебі, студенттердің әлеуметтік өмір жаңалықтары ғаламтор арқылы жүзеге асады. Күн сайын жастардың жүзбе-жүз сөйлесуі азайып, әлеуметтік жүйе қолданысы, керісінше, артып келеді. Ғаламтор жүйесінің дамуына 10 жыл ғана болса да, қазірдің өзінде ғаламтор қолданбайтын жастарды табу қиын [1].

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер Instagram, Tiktok, YouTube, Facebook және тағы басқалар кең таралған. Статистика бойынша, Қазақстандық интернет қолданушылардың саны көбейіп жатыр, әсіресе жастардың арасында әлеуметтік желіні күнделікті тексергені белгілі. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себеі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, ғаламтор адамның физикалық денсаулығына ықпал береді. Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, физикалық күшке тек шамамен 1 сағат қана уақыт бөлінеді.

Әлеуметтік желі бос уақыттың көп бөлігін алатынына көз жеткіздік. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты ығыстырып қана қоймай, әуестікті де алмастырды. Әрине, ғаламтордың жақсы жақтары өте көп: үнемді байланыс құралы, аудио және видеоның қол жетімділігі, ақпарат іздеу және алмасу мүмкіндігі және тағы басқа жақсы артықшылықтары бар. Бірақ, ол жастарды қоғамнан оқшауландырады, яғни жақындармен қарым-қатынас үзіледі, сенімсіздік пайда болады, алтын уақытын текке жұмсайды және сколиоз, арқа және нерв жүйесі сияқты ауруларға шалдығады [2].

Әлеуметтік желіге тәуелділік белгілерін қарастырайық:

- себепсіз поштаны қайта-қайта тексеру;
- ғаламторға қажетсіз кіре беру;
- жақын адамдардың компьютер алдында көп отырасын деген айыптаулары;
- уақыт өлшемінің жоғалтуы;
- желідегі қарым-қатынастың басымдылығы;
- міндеттерді ой елегіне алмау; кездесулерді, тамақ ішу уақытын, күнделікті режимнің бұзылуы;
- тәуелділіктің барын жоққа шығаруы;
- ашушандық көрсету, көңіл-күйдің болмауы, шаршау белгілерінің болуы.

Егер бұл белгілер сізге сай болса, онда сізде тәуелділіктің болғаны. Енді, бұл тәуелділіктен қалай айырылуға болады деген сұрақ туындайды. Алдымен, салауатты өмір салтына, жүзбе-жүз қарым-қатынасқа деген қызығушылықты ояту керек, яғни шынайы өмірге қайтып келу деген мағынаны береді.

Қазіргі өскелең ұрпақты «желіге тәуелді ұрпақ» деп жиі айтады. Көптеген балалар интернет пен әлеуметтік желілерге қол жеткізе алады және оларды ойын үшін, достарымен, отбасымен және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау үшін, оқуға, ақпарат іздеу үшін, ойын-сауық үшін пайдаланады. Интернет пен әлеуметтік желілер жас ұрпаққа дұрыс әсер етуі де, кері әсер етуі де мүмкін. Электрондық коммуникация құралдарын пайдаланудың тиімді жағы қарым-қатынас жасап, қолдауды түйсінуді мүмкін, достықты сезініп, әлеуметтік құзыретті қалыптастырып, хабардарлықты арттыруы мүмкін және басқа да аспектілердің болуы мүмкін. Әлеуметтік желілерді артық пайдалану ұйқысыздыққа әкеліп, мазасыздандырады, агрессивті мінез-құлық пайда болып, басқа да проблемалардың пайда болу мүмкіндігін тудырады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің түрлі медиа желілерге кіруі кибербуллинг деп аталатын интернет арқылы ізіне түс, қорқыту қаупін арттырады». Бұл сала жете зерттелмегендіктен, ҚДСҰО ғалымдары жастар өміріндегі ЭКҚ рөлін түсінуге тырысады. Орталық Қазақстанның барлық өңірінде 11-15 жас аралығындағы қазақстандық оқушылар арасында жүргізген «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлық» (Health behavior in school aged children, HBSC) деген сауалнамада онлайн желілерді пайдалану қарқыны, әлеуметтік желілерді «проблемалы» пайдалану белгілері және онлайн байланыстың басымдығы зерттелді [3].

11-15 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің 30%-ы достарымен, отбасымен, таныстарымен және Интернет арқылы таныс болған адамдармен қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілерді жиі пайдаланады. Әлеуметтік желілерді жиі пайдаланушылар саны 15 жасқа қарай ұлғаюда, 11 жастағылар арасында 24% -дан 15 жастағылар арасында 37% -ға дейін артып отыр. Алайда балалар арасында әлеуметтік желілерді «проблемалы» пайдаланушылар аз, бар болғаны - 7%. Әлеуметтік медиа құралдарын қолдануды ғана белгілеген; әлеуметтік желілерге аз уақыт бөлінгеніне наразы болған; басқа істермен (спортпен, хоббиімен) айналасудан гөрі әлеуметтік медиа құралдарын таңдаған; медиа құралдарын қолдануға байланысты басқалармен үнемі дауласатын адам әлеуметтік желілерді проблемалы пайдаланушы деп есептелді. Бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде жоғары емес, дегенмен ол артуы мүмкін, сондықтан шара қолданып, қадағалау қажет. Балалардың үштен біріне (33%) өз құпиялары, ішкі сезімдері, өздерін толғандырып жүрген нәрселер туралы бетпе-бет кездесіп айтқаннан гөрі, интернет арқылы айтқан жеңілрек. Олар өздерінің ішкі сезімдерін, күйзелістерін білдіру үшін бетпе-бет әңгімелесуден гөрі, өзара онлайн араласуды/әңгімелесуді дұрыс көреді [4].

✓ Мұның себебі неде?

Зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтік құзыреті төмен және адамдармен тіл табыса білмеу, үрейлену, ұяндық, жалғыздық кейбір интернет пайдаланушыларының интернет кеңістігінде кездестірген достарымен онлайн әңгімелесуге итермелейді. Онлайн әңгімелесу жасөспірімдер үшін интернет белгісіз немесе аз білетін адамдармен әңгімелесу мақсатында қолданылмаған кезде емес, негізінен бірін-бірі бұрыннан білетін достармен қолданылған кезде пайдалы болады. Әлеуметтік медиа құралдарының және интернет әсеріне қатысты факторларды ары қарай зерттеу талап етіледі, өйткені «онлайн белсенділік» жасөспірімдердің өмірімен және денсаулығымен тығыз байланысты. Осыған байланысты денсаулық сақтау саласының мамандарын, мұғалімдерді, жасөспірімдерді және олардың ата-анасын әлеуметтік желілерді қауіпсіз қолдануға үйреткен дұрыс. Оларға әлеуметтік желілерді шамадан тыс қолдануды қалай реттеу керек екендігі туралы ақпарат беру және балаларға өздерінің құрдастарымен позитивті және жауапты өзара онлайн әңгімелесуге үйрету қажет. Ақпараттандырылған және «дені сау» интернет пайдаланушы болуына көмектесу керек. Сондай-ақ олардың коммуникативтік қабілетін дамытып, жеке байланысын және достығын қолдаған жөн [4,5].

Қоғамда әлеуметтік желінің кеңінен өріс алды. Өз кезегінде жастарға кері әсерін беруде. Олар өз өмірін виртуалды байланыссыз елестете алмай, барлық бос уақыттарын әлеуметтік желіде өткізуде. Өздерімен қатарлас құрдастарымен қарым – қатынастары үзіліп, жастар тұйық болып кетті. Себебі оларға шынайы өмірден қарағанда, виртуалды өмір қызығырақ болып кеткен. Соның салдарынан шынайы өмірден алшақтап кетті. Тіпті шынайы өмірге деген құлшыныстары жоғалып кеткен. Небір қажетсіз іс – әрекеттерді қарауда, зиянды әрекеттерге барып жатыр. Осының барлығының нәтижесінде жастардың денсаулығына, психологиясына өз зардабын тигізіп отыр. Жастардың ой – өрісінің дұрыс дамып, есте сақтау қабілеті төмендеп, үлгілі тұлға болып қалыптасуына үлкен зиянын тигізіп жатыр. Әлеуметтік желінің қаншалықты зиян екенін әрбір жастар түсінуі қажет.

Ақпараттық әлеуметтенуда психопатологияның басты қаупі көбіне желіде жасөспірімдердің бақылаусыз қалуы, қажет емес ақпараттардың ақыл – ойына яғни, психикалық денсаулығына кері әсері бар. Осылайша зерттеу жұмысына канадалық жасөспірімдердің қатысуымен психологиялық ауру мен интернетте өткізген уақыт 16,9% психикалық жағдайының төмендеуіне, 26,4% психологиялық көмекке мұқтаждар, 23,4% жоғары деңгейде бастан өткерген стресстер, 12,5% өз – өзіне қол жұмсау туралы ойлағандар екенін анықтады. Әлеуметтік желідегі белсенділіктің артуынан психологиялық жағдайлар, стресс, суицидтік ойларға күн сайын итермелеуде [5].

Көптеген ғалымдардың зерттеуінше әлеуметтік желі психологиялық күйзеліске, дұрыс көңіл бөлмегендіктен белсенділіктің төмендегенін айтады. Twitter, Instagram, YouTube, Facebook, ВКонтакте секілді әлеуметтік желілерден жасөспірімдер өзіне мүлдем қажетсіз жарнамаларды көру арқылы небір зиянды әрекеттерге баруда, әлеуметтік желілерге деген тәуелділіктері артуда. Осының барлығы жасөспірімдік кезеңде дұрыс ойлап, дұрыс дамуына кері әсер етіп, керісінше агрессия тудыруда, тіпті кейбір жағдайда әлеуметтік желі қорқынышты психологиялық ауытқуларға әкеліп соғады. Венгрлік ғалымдардың зерттеуі бойынша, әр венгрлік мектептердегі жасөспірімдерден алынған психологиялық сұрақтардың нәтижесінде олардың өзін – өзі бағалау және күйзелістік ауытқулары қаншалықты екені анықталды. Соның нәтижесінде жасөспірімдердің 4,5% әлеуметтік желіге тәуелділік деңгейде болып шықты. Қазіргі таңда жасөспірімдердің шынайы өмірге деген қызығушылығы азайып, шынайы өмірдегі проблемалардан алшақтауда, керісінше әлеуметтік желідегі белсенділігін арттыруға шыдамдылық танытып, желіні аптасына 30 сағаттан көп қолдануда, өзін – өзі бағалау деңгейі төмендеп, керісінше күйзелістік деңгейі артуда. К. М. Кеннеди, И. Бьюккен, Д. Ж. Пауэлл және тағы да басқа британдық авторлардың 42 мақаланы толығымен зерттеуінде жасөспірімдердің психологиясы мен физиологиялық денсаулығын нығайтатын, алкогольден және темекіден арылуда қиналғандарға психологиялық қолдау көрсететін желіде бірнеше топтар бар екені анықталды. Алайда, сонымен қатар әлеуметтік желіде керісінше психологиялық ауытқулар тудыратын топтар да жетерлік. Сол себептен де мейлінше желіге аз кіріп, аз пайдаланған дұрыс [1].

Әлеуметтік желінің кесірінен девиантты мінез – құлықтың дискуссивті түрі ішкі немесе сыртқы агрессия арқылы көріне бастайды. Жасөспірімдер осы психологиялық ауытқу салдарынан бұзақылыққа, зорлық- зомбылыққа, тіпті суицидке баруы мүмкін. Көзге түрлі елес, галлюцинация, иллюзия көрініп, аффективті идеялар түсе бастайды. Әлеуметтік желіге кірерде, кіргенде жасөспірімдердің ата – аналары үнемі бақылауда ұстап отыруы тиіс. Психологиялық ауытқуы асқынып кеткен жасөспірімдердің міндетті түрде арнайы психологтарға сүйенгені жөн. Олар міндетті түрде өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға, мінез – құлықтың түзеліп қалпына келуіне көмектеседі. Сондықтан қандай да бір психологияңызда ауытқу байқалғанда бірден жүгіну қажет.

Әлеуметтік желілердің пайдасы неде? Ең алдымен, бұрын танымайтын, білмейтін адамдармен араласып танысуға, пікір алмасуға және өз пікірлестеріңді табуға жәрдемдеседі. Кез-келген сәтте танысыңмен байланысқа шығып, тегін пікір алмасып, хал-жағдай сұрасуыңа, соңғы жаңалықтармен бөлісуіңе мүмкіндік бар. Әлеуметтік желі арқылы

соңғы жаңалықтар мен оқиғалардан әрдайым хабардар болып отырасың. Жәй хабардар болып қоймай, сол оқиғаға қатысты адамдардың пікірлерімен де танысуға мүмкіндік болады. Әлеуметтік желіден түрлі көңіл көтеретін музыкалар мен әндер, фильмдер, суреттер, мақалалар табасың және бәрі тегін. Оған қоса, білім беретін деректі фильмдер мен кітаптар, лекциялар мен мақалаларды да қалағаныңша тауып оқуға болады. Сонымен бірге, өз бизнесіңді дамытуға, сатып алушы клиенттерді тартуға да мүмкіндік жасалған. Егер сіз шығармашылықпен айналысатын болсаңыз, кітаптарыңызды әлеуметтік желіні пайдаланушыларға ұсынып, сатып алушы оқырмандар табуыңызға болады. Әлеуметтік желінің залалы таяқтың екі ұшы болатыны сияқты, әлеуметтік желілердің залалы да жетерлік. Ол, тіптен пайдасынан көбірек болып жатады. Сондықтан, әр адам әлеуметтік желіні пайдаланбас бұрын оның пайдасы мен залалын таразылап алғаны дұрыс. Әлеуметтік желі ең алдымен, адамның алтын уақытын жейді. Уақыт – Алланың адамға берген ең үлкен байлығы және баға жетпес құндылығы. Жоғалтқан уақытты ешқандай жолмен қайтара алмайсыз. Әлеуметтік желіде күн сайын жеті-сегіз, тіпті одан да көп сағаттап отыратындар алтын уақыттарын жоғалтып жатқандар [6].

Екінші залалы – әлеуметтік желі адамды белсенді емес тұтынушыға, яғни көк жалқауға айналдырады. Әрине, әлеуметтік желіні адамдар әртүрлі мақсатта пайдалануына болады, оның ішінде жаңа нәрселерді жасап, соны жұртқы ұсынуға да мүмкіндік бар. Дегенмен, оны тұтынушылардың көбі жаңаны жасағаннан гөрі, ұсынылып жатқан ақпараттарды тұтынғанды жөн санайды. Әлеуметтік желі ақырсында адамды тәуелді етеді. Араққа, есірткіге тәуелді болған сияқты, адамдар көп ұзамай әлеуметтік желіге де тәуелділікке түседі. Енді олар күндіз-түні компьютерде отырып, әлеуметтік желіге қараудан жалықпайтын болады. Бүгінгі күні, әсіресе жасөспірімдер арасында әлеуметтік желіге тәуелділік белең алып барады. Әлеуметтік желі адамды бақытсыз етеді. Иә, әлеуметтік желіге байланған адам үшін бақыт деген жұрттың өзі ұсынған ақпаратқа немесе суретке лайк басып, сүйсінуі болып саналады. Олар өзгелерді тамсандыру үшін, тіпті өмірлеріне қатер төндіріп биік үйлердің төбесінде, жүріп келе жатқан пойыз көрінісі аясында суретке түсуге ұмтылып жүріп, мерт болып немесе жарақат алып жатады. Жұрт лайк баспаса, ол үшін нағыз үлкен бақытсыздық болып табылады. Сондай-ақ, әлеуметтік желі адамдарды жақындарымен, таныс-достарымен тірілей байланыс жасауына кедергі келтіреді. Жәй кедергі келтірсе жарайды ғой, олардың еркін алып, айналасындағылармен қарым-қатынастарын үзуге еріксіз мәжбүрлейді. Әлеуметтік желінің қызығына түскен адам туыстарын да, отбасын да, тамыр-таныстарын да естен шығарады. Күніне сағаттап интернетте отырып, айналасындағы дүниені ұмытатын, адамдармен қарым-қатынасын үзетін, әлеуметтік желіге тәуелді болған пенде ақыр-соңында денсаулығын жоғалтып, түрлі ауруларға шалдығады. Бар уақыты мен күш-қуатын, қабілет-қарымын интернетте сағаттап отыруға жұмсайтын ондайлар күнделікті өмірдегі отбасы, еңбек ұжымы, жалпы қоғам алдындағы міндеттерін ұмытып, содан қолайсыз жағдайларға тап болады және тұрмыста да ауыртпалықтарға ұшырайды.

Әлеуметтік желіні пайдаланған сайын, соғұрлым оның сыртқы келбетіне деген сенімсіздігі артып, өзін-өзі бағалауы төмендейді. Әлеуметтік желіні кеңінен қолдану екі нәрсеге әкеліп соғады бірі, эмоционалды денсаулыққа кері әсер етеді, ал екіншісі өзін-өзі дұрыс бағалай алмауының құрбаны болып жатыр. Осылайша әлеуметтік желінің жасөспірімдердің психологиясының белсенді түрде төмендеуіне әкеліп соғады деп қорытындылауға болады. Әрбір жасөспірім әлеуметтік желіге кіргенде тек өзіне қажетті ақпаратты ғана алып, белгілі бір уақытта ғана қолданып, уақытын үнемді түрде өзінің ой-өрісін, білімін, көптеген өнермен айналысып өзінің басқа да қырларын, көптеген қабілеттерін дамытқаны дұрыс деп білемін [5].

Қорытындылай келе, бүгінгі мақаламда әлеуметтік желінің қазіргі таңда жасөспірімдердің психологиясына қаншалықты кері әсерін тигізіп жатқанын байқадым. Жасөспірімдерді қалай шынайы әлемнен алыстатып жатқанын, күрделі күйзеліске ұшыратып, агрессия тудырып жатқанын білдім. Зерттеу жұмысымда басқаларға бірі білсе бірі білмейтін

жасөспірімдердің психологиясына әлеуметтік желінің зиянын ашып түсіндіре алдым деп ойлаймын. Дегенмен бұл мақаламнан кейін әлеуметтік желінің пайдасы мүлдем жоқ деген сөз емес. Тек, желіге кіргенде өзімізге қажетті деген дүниені ғана алып, қалған уақытымызды пайдалы істермен айналысуға, ой – өрісімізді кеңейтіп, өмірге деген құлшынысымызды нығайтып, шынайы өмірімізді жақсартып, дамытуға жұмсауға жөн [7].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Насимов, М. О. Қоғам өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлі / М. О. Насимов, Б. Ж. Паридинова. // Молодой ученый. — 2015. — № 7.2 (87.2). — С. 26-28.
2. Әлеуметтік желілерді күніне 5,6 миллион қазақстандық пайдаланады // [Электрондық ресурс]. — <http://www.baq.kz/news/18917> .
3. Плешаков В.А. Виртуальная социализация как современный аспект квазисоциализации личности // Проблемы педагогического образования. Сборник научных статей. Вып. 21. – М., 2005. – С. 48-49.
4. «Информатика негіздері» оқу құралы / Жапарова, Гүлжамал Әлкенқызы, - Алматы : Экономика, 2006.
5. Салихова А. Оқушылардың шығармашылығын дамыту.//Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж. - 49 бет.
6. "Әлеуметтік желі — Barinbil.kz" <https://barinbil.kz/sizge-kerek-my-ryr-derek/kerekderek/e-zdik-ylymi-zhoba-leumettik-zheli>
7. https://www.inform.kz/kz/zhasospirimderdin-aleumettik-zhelini-paydalanuyna-tyyym-salu-kerek-pe-zertteu_a3615901.